

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Авирусспрей®, тамаққа арналған спрей, құтыда 20 мл

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Оториноларингологияда қолдануға арналған дәрі: тамаққа арналған спрей, шыныдан/ПЭТ-тен жасалған, көлемі 20 мл құтада, көмейге бүркіп шашатын қондырмасымен жиынтықта. 1 құтыдан медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамада.

Құрамы: Стандартталған және титрленген гидроглицеринді прополис экстрактісі (*Propolis extract*), жалбызтікен экстрактісі (*Althaea extract*), полисахаридтермен титрленген исландиялық мүк экстрактісі (*Icelandic moss extract*), полисахаридтер концентрациясы жоғары алоэ вера экстрактісі (*Aloe Vera extract*), бал, фруктоза, тазартылған су, өсімдіктен алынған глицерин, ксантан шайыры, аскорбин қышқылы, сукралоза, калий сорбаты, полисорбат 80, табиғи жалбыз хош иістендіргіші.

Құрамында глютен мен алкоголь жоқ.

Авирусспрей®, құрамында табиғи экстрактілер болуының арқасында, тамақта қорғағыш үлбір түзеді, жұтынған кезде ашытуын, ауыруын және сезімталдығын азайтады. Тамақтың шырышты қабығына қабынуға қарсы, ылғалдандыратын, қорғағыш, таныштандыратын, жұмсартатын әсер береді.

Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі)

№ QCT-0067-17 / 25-20 сертификатына сәйкес өндірілген.

Медициналық бұйымның қолданылу саласы және медициналық бұйымды тағайындалуына сәйкес қолданылатын жеке тұлғалар үшін тағайындалуы

Қолданылу саласы. Оториноларингология.

Тамақтың жедел және созылмалы қабыну ауруларын (тонзиллиттерді, фарингиттерді), тамақтың құрғақ жөтелден туындаған тітіркенуін емдеу үшін қолданылады. Салқындық, түтін, тұмша, шаң сияқты сыртқы зиянды факторлардың әсеріне қарсы бөгет ретінде әсер береді. Авирусспрей® тамақты тітіркенуден қорғайды, жұтынған кезде ауыруын жеңілдетеді.

Қолдану тәсілі және дозалары:

Алғаш пайдаланар алдында құтыны сілку керек. Дозаторын ауыз қуысына барынша тереңірек салыңыз және, басып, тамаққа қарай бүркіп шашыңыз.

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға: 2 дозасы күніне 3-4 рет.

6 жастан асқан балаларға: 2 дозасы күніне 5 ретке дейін.

Ересектерге: 4 дозасы күніне 5 ретке дейін.

Авирусспрей® қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолданады.

Медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары мен шектеулер жөніндегі ақпарат

Егер кез келген компонентіне аллергия немесе аса жоғары сезімталдық бар болса, қабылдауға болмайды.

Егер қаптамасы бүлінген болса, пайдалануға болмайды.

Қолдануға болмайтын жағдайлар. 2 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болмайды.

Медициналық бұйымды сақтау мерзімі және шарттары туралы ақпарат

Сақтау мерзімі 2,5 жыл. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары Түпнұсқалық қаптамасында, құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Медициналық бұйымды өндіруші және оның уәкілетті өкілі туралы мәліметтер

Өндіруші. **Labofar s.p.a., Италия** Via N.Sauro 35/1, 31036, Истрана (TV), Италия

Seltfar LTD., Ұлыбритания компаниясының тапсырысы бойынша дайындалды. (office 132, Berkeley Square House, Berkeley Square, London W1J 6BD, UK). Тел.: +44 (0) 20 7887 7854; e-mail: info@seltfar.co.uk.

Өндірушінің Қазақстан Республикасы аумағындағы уәкілетті өкілі және Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсыныстары) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

Қазақстанда Сэлтфар ЛТД өкілдігі, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 5, Нұрлы Тау 1А, 301 кеңсе. Тел.: +7 (727) 311 16 28/38; e-mail: info@seltfarrep.kz

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың шығарылуы: наурыз 2017

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгілеулердің түсіндірмесі

 дейін жарамды

 Егер қаптамасы зақымданса, пайдаланбаңыз

 Қолдану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз

 Медициналық бұйым

Шешімі: N064382

Шешім тіркелген күні: 19.06.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кулшанов Ә. К. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті) Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең